

Шәкірат ДӘРМАГАМБЕТОВ – 90 жаста



...Ойланып келемін. «Қалай қабылдайды екен?» деген күдігім де жоқ емес. Ойткені, ол кісінің екіншісіне біріне ашыла бермейтінін ұзынқулақтан жиі еститінмін. «Тәуекел түбі – желқайық, отерсін де кетерсін» деген тәмсіл жетегінде журналистиканың жарық жұлдызы саналған Шәкірат Дәрмагамбетовтің шанырағына бас сүктым. Үй-іші тым-тырыс. Кекіл шашы желбіреген кішкентай тәй-тәй басып, қолын созды. Ішім көдімгідей жылып, «ата қорған...» деген осы шығар деп пайымдадым.

– Ассалаумағалайқум, ақсақал!

– Уағалайқумассалам, бала жоғарылат, - деген қария парактап отырған қағаздарын жиыстыра бастады.

Амандык-саулык сурап жатырмын. Кеудесі алтын сандык карттын білері коп өкені саргайган газет тігінділері мен каттаулы кагаздардан, том-том кітаптардан ангарылады. «Жылкы кісінескенше, адам тілдескенше» демекші, алансыз әнгіме тінін таркаттық. Тындай бергін келеді. Токсаннын торіндегі кейіпкеріміз ақиқаттын ақ туын биік ұстаган, адал енбегімен бүгінгідей дәрежеге көтерілгенін дүйім ел жақсы біледі. Салага сінірген олшеусіз енбегінің аркасында ел құрметтейді, тобеге көтереді.

ЖОСПАРДЫ ОРЫНДАУГА АТСАЛЫСҚАН ЖЕТКІНШЕК

Балықшы отбасында дүниеге келген бала ерте есейді. Өкесі Дәрмагамбет ізбасары-на адал енбек ғана алға оздыратынын айтудан жалықпаган көрінеді. Қасынан бір елі тастамай, қаршадайынан енбекке баулыган. Ақ сүт берген анасы Набат та үміт артқан ұлына біреу-дін ала жібін аттамауды үнемі айтып, санас-ына тоқыган. Отбасы – шағын мемлекет. Қағылез жеткіншек қос қамқорының ақыл-кенестерінен коп нәрсе үқты. Шаттығы тарқамаган шанырақтың отағас-ы 1942 жылы Қарағандыдағы енбек армиясына аттанды. Үлкен жолға аттанып бара жатып, бауыр еті баласына- үлкен міндет жүктеп, орнын жоқтат-пауды- тапсырды.

Алақандай ауыл. Тұрғындарының басым- болігі теңіз теренінен су маржанын сүзеді. Белгіленген жоспарды орындауға асығады. Талап солай. Сол енбеккерлер арасында Дәрмагамбеттің тұңғышы да жүрді. Үлкендер ақжал толқынмен алысқан жас оренге сенім артты.- Жандарына ертіп, айдын тосін бірге шиыр-лады. Құн артынан құн, ай артынан ай жылжып, Дәрмагамбеттің қолғанаты балық аулау ісіне әбден тоселді. Көктем шығып, қыс қаңарына мінгенше, теңіз тосінде әбжіл қимылымен танылды. Жүктелген тапсырмаларды орындау арқыл-ы пысыды. Осылайша, 13 жастағы ұлдың қайық үстіндегі өмірі туган жер тұсындағы Баян қолінен басталып, Ұлы теңізбен шектесіп жатты.

«Возрождение» аралы. Мұнда әскерилермен уағдаласып, атакәсіптен түсетін өнімді еселеу ісі тіптен қиямет-қайым. Жағалауда тірлік кешкен адамдар арасынан «сен тұр, мен атайын» деген- кіл мықтылардан бригада жасакталған. Орталарында жасы кіші дегенмен, анау-мынау тепсе темір үзетін жігіттермен теңескен Шәкірат та бар.

«Әй, бала, қатарға қосыл. Сенің орнын бөлек. Бір жағымызды алып жүресің» деген ағалар үнінен қуат алған жеткіншек, оркеш-оркеш толқынымен ерек-шеленетін теңіз үстінде тізбектелген қайық-тардың біріне мінді. Теңізде туып, теңізде өскен өл ештеден қайықпады. Елдің қамын қыттеген іс барысында ағалар сенімін ақтағаннан асқан бақыт жоқ деп білді. Алып-үшқан жүрегін мақтаныш сезімі кернеп, әр ісін жеңісті жақындатуға қосқан өлесім деп ұқты. Нико-лай тауының етегінде танмен таласатырып, су тереңінен қулаш-қулаш ау тартқан- ұлан шемая балығын аулауға тынбастан атсалысты. Нәтижесінде, еңбек армиясындағы әке жоспарын асыра- орындағаны үшін басқарма тарапынан алғыс алып, еңбекақысын анасының алақанына салды. Қияға қағылған қанат осылайша қатайды.

ҮЛКЕН ӨМІРГЕ ЖОЛ

Теңізде түнеп, жағасында түстенген Шәкіратты құрбы-құрдастары қуана қарсы алды. Еңбекте де, оқуда да озық ұлдың аты алақандай ауылда айрықша атала бастады.

«Тіл-аузымыз тасқа. Дәрмағамбеттің баласы кәнігі балықшы атаныпты» деген жерлестері оның бір жерден шығатынын кесіп-пішіп қойғандай сыбырласты.

Солдай болды да. Қаратерендегі алтын ұя мектебінен сапалы білім, саналы тәрбие алған бозбалаға ұстаздары сәт-сапар тіледі. Қызылорданы бетке алған арманы асқак жас іргелі білім ордасында тарих-география пәндері бойынша оқыды. Институт қабырғасында жүргенде де кен мандай ағай-апайлардың үмітіне айналды. Кадр тапшы кез. Соғыс салған зардаптан халық есін енді жия бастаған. Институт басшылығының шешімімен бірнеше түлек Гурьев облысына жолдама алды. Қатарында кейіпкеріміз Шәкірат та бар еді...

Үкімет оқытты, қызмет ұсынды. Енді уақыт оздыру – орны толмас қателік. Осыны-жан-тәнімен түсінген маман жоғарыда аталған облыстың жалғыз қазақ мектебін-ін есігін сеніммен ашты. Партаға жайғасқандардың көбі әскерден оралған ересек жігіттер. Жұмыс ауқымды. Шәкірат педагогиканың басты қағидасы аясында іс жасады. Бәрін жүйелі түрде шешті. Кедегерлерді еңсерді. Оқушылардың білім деңгейін әбден зерделеп,

әділ баға қоюды ұстанды. Кейбір ата-аналар тарапынан «бұл қайдан келген білгір?» деген кертартпа қозқарас қалыптасып, мектепке келіп шу шығарғандар да болды. Қозбояушылыққа жаны қас ұстаз өз жолынан танбай, мектептегі білім сапасының төмендігін қалалық білім бөліміне дәлелдеді. Ақырында, келген комиссия өкілдері педагогтің жанайқайына күлақ түріп, балалардың сауатсыздығына қол жеткізді.

Атырау облысындағы тартысты айлар осылайша өрби берді. Есімі білім қызметкерлері тарапынан жиі аталды. Беделі көтерілді. Тіптен ең бұзық балалардан құралған сыныпқа жетекшілік еткен кезде, аралдық мұғалім бетімен кеткен оқушыларды тәртіпке салды. Үй-үйді аралап, жүргенсіз жеткіншектердің әке-шешесімен жеке-дара сөйлесті.

Бірде қызық оқиға орын алды. Өз ісіне шындап берілген Шәкірат ауатқом төрағасы орынбасарының үйіне де кіріп, тентегінің сабаққа күлықсыз екенін, осы бетім-ен кете берсе, болашағы қиынға соғатынын еш бұқпесіз баяндады. Зәулім үйдің торінде жантайған үлкен лауазым иесі ертесіне мектепке арнайы соғып:

– Мен бір нәрсеге танғалдым. Кәсібіне адал ұстаздар некен-саяқ деуші едім. Олай емес екен. Мені іздеп үйіме Шәкірат есімді жас мұғалім келді. Балам туралы мән-жайды жасырмай бетіме басты. Осы кезге дейін оқушының үйін аралаған ұстазды алғаш қорұйым, - деп, басқаларды одан үлгі алуға шақырды.

Қиындығы мен қызығы қатар жүрген күндер керуені алға жылжыды. Мерейі тасыған кадрға сұраныс арта түсті. Окіншітисі, ойламаған жерден Шәкіраттың денсаулығы сыр берді. Қысқасы, науқас- мәндеп, батыста ұзақ бола алмаған ол, тіршілік толқынымен айдынды Аралды бетке алды...

ТУҒАН ЖЕРДЕГІ ТОЛЫМДЫ ТІРЛІК

Адам жанының саулығы бәрінен қымбат. Шәкірат теңіздің саф ауасымен тыныстайтын өдетімен ақжал толқын-дарға қарап қол ойланды. Ендігі бағыт қалай болмақ? Еңбек

кітапшасына кім назар аударады? Институттан алган диплом кәдеге- аса ма? Коп взамай санадагы сан сауалдын жауабы табылды. Аудандык оку болімінен шакырту түсті. Олар да жас маманнын мугалімдік жолынан кулагдар екен. Енді не түрыс? Барды, тиісті сала басшыларымен багыттасты.

– Керексін, денсаулыгыннын жаксар-ганын да естідік. Бізге директор тапшы. Шомішколге барасын, анау-мынау емес, басшылык кызмет. Енбек жолын мектептен бастаган кәсіби маманга бул сала жаксы- таныс деп білеміз, - деді адам танитын агалар.

Жумыстын буге-шігесіне канык Шәкірат тартынбады. Табигаты сулу ауылдагы мектепте колтанбасын калдырды. Озіне тән ісін жалгастырды. Одан әрі кызмет- баспалд-агы Шижага, Каратерен мектептерін баскаруга бастады. Мүны да абыроймен- аткарды. Бір айта кетерлігі, жүрген жерінін барлығында тын ойларын жүзеге асырды. Ізденді, ұстаздар мен шәкірттерге қолайлы жагдайлар жасады.

Каратерендегі карбалас Шәкіратты тіптен ширата түсті. Миллионер колхоздын шаруасы шалкып түрганымен, білім жагы-нан- мәселе бар. Соны шешуді мойнына алган директор Дәрмагамбетов жанашыл үрдісін жалгастырды. Сонау Литва елінен Аралга жолдамамен келген орыс тілі пәнінін мугалімін аудандык білім боліміне колка салып, ауылга тартты. Ондагы ойы – шалгай ауылдагы жүртшылыкты оркениет кошіне ілестіру-түгын. Енбегі еш кетпеді. Ата-ана да, бала да мөз. Жагалауды жер жәннатына балаган жасоспірімдер литвалык бойжеткеннен коп нәрсе үйренді. Сары кыз жатыркауды білмейтін ауыл халкы-на әбден бауыр басты. Алайда соз байласкан тенізші күйеу жігіт сүйіктісіне октын-октын хат жазып, ара-түра ауылга іздеп келіп жүрді. Отбасылык өмір бас-тайтын күн жеткенін жиі есіне салды. Акырында, кос гашык косылды. Алакандай ауылдын бір кызындай болган Алла Йордано-ва енбекші қауыммен кимай коштасты.-

Үнемі ой үстінде жүретін Шәкірат ауылдан жана мектеп салуды жоспарлады. Бул жонінде колхоздын баскарма торагасы Максүткали Демесіновпен акылдаскан-да:

– «Жас келсе – іске» деген. Біз тарапынан колдау жасалады, - деп игі бастаманы бірден коштады.

«Жазган күлда шаршау жок». Созден іске кошкен ол кірпіш күйып, жана білім үясынын

іргесін қалады. Ауыл тұрғындары- бір кісідей жұмылды. Көп ұзамай асыға күткен мектеп те пайдалануға берілді. Артынша, тағы бір мәселенің басы қыл-тиды. Асылы, ел үшін жасаған шаруа аяқсыз қалмауы тиіс. Шәкірат кешкі мектеп ашуға күлшына кірісті. Себебі, шалғайдан катынап- оқитын балықшылардың бала-лары жетерлік-. Олардың жайын өзі ойламаса, кім ойлайды?..

Әйтеуір, ашылды-ау. Айтуға оңай бол-ғанымен, қаншама шаруа атқарылды. Ауылдағы 4 жылым бригадасына ұсыныс тастағанда, ұрпақтарының жайын ойлаған олар бірден келісім берді. Нақтысы, балықшы ағалар жас коммунистің үніне үн қосты. Тамақ пен өзге де қажетті жабдықтар рет-ретімен шешілді, қаржы қоздереі табылды.

Күйбін тірлік мезі өткен елге тағы не істеу керек? Салмақты сауал ел алғысына боленген Шәкеннің мазасын алып, ұйқысын бұзды. Сосын талай жерге ат арытып, халықты партия тынысымен таныстырып, еңбек ораттарын қалың бұқараға насихаттап отыруды қоздеген ойын тиісті орындардың назарына ұсынды.

Өткен күнде белгі бар. Қарт журналист-пен сұхбаттасқан сайын XX ғасыр қоз алдына келеді. Сырбаз жаннан қоркем создер тогіле түседі. Жұртының жоғын жоқтап, мұның мұндаған азаматтың кісілік келбеті айшықтала береді, айшықтала береді.

БАСПАСӨЗГЕ □ □ ЖАСАЛГАН □ □ БЕТБҮРЫС

– Мына ән қандай ғажап еді...

Жүректі елжіретеді екен, - деген тұрғындар радиодан тамылжыта шырқал-ған әсем сазды тапжылмай тыңдады.

– Айтатыны жоқ, қосегесі қогергір Дәрмағамбеттің ұлы біздің қозімізді ашты ғой, - деді

корадагы кой-ешкісін жайгарып болып, кою шай толы кесені колына алған шал.

Каратеренде радио мен газет хабар таратып, кісі қызығарлықтай мәдениет қалыптасты. Ақпарат құралдарының қаузаған тақырыптары да сан алуан. Жұмысқа мойны жар бермей, «жөнілдің астымен, ауырдың үстімен» жүргенді жаны сүйетіндер сыңа ілігіп қалмаудың қамын күйттеді. Партия жоспарын орындауға шабан-дық танытатындар кәдімгідей естерін- жиды. Жұмыс алға басты. Шәкіраттың «Озат балықшы» атты үнпарагы ақпарат- айдынына желкен керіп, облыстан бөйге алып та үлгерді. Аудан орталығынан жүзден астам шақырым алыс жатқан ауылдағы соны жаналықтардан атқару- комитеті де хабарсыз емес. Әрбір материал- бағыттасып барып жарияланатын.

Бір күні Шәкірат Дәрмагамбетов аудандық- партия комитетінің бюросына шақырылсын деген тапсырма берілген соң, еңсесі тік азамат ақ қойлек киіп, галстук таққандардың ортасынан табылды. Жиында- атқарушы билік қаратерендік-терге рухани байлық сыйлаған жанның жұмысын он бағалап, жылы лебіздерін жарыса- білдірді. Бюро отырысында елдің мәселесі жан-жақты қаузалып, сонынан оған «Социалистік Арал» газетінің өндіріс-транспорт бөлімінің меңгерушісі болу жөнінде ұсыныс тасталды. Міне, осы тұс-тан бастап, ұстаз Шәкіраттың қиындығы мен қызығы қатар жүретін журналистік жолы бастау алды.

Баспасөз саласының қорнекті өкіл-дерінің қатарына қосылған қаламгер «журналист пен қасқырды аяғы асырайды» деген қағида негізінде қала мен дала-ны шарлады. Қорғен-білгенін қағазға түсіріп, ойлы оқырман іздеп жүріп оқитын түшымды материалдарын мерзімді баспасөз беттерінде жиі жарияла-ады. Бертін келе, Қазалы аудандық «Ленин туы» газетінде қызмет етіп, редактордың орынбасары атанған Шәкен сенімге селкеу түсірмеді. Облыстық «Ленин- жолы» газетінде 1965-1991 жылдар аралығында Арал, Қазалы аудандары бойынша меншікті тілші болып, журналистиканың ыстығына күйіп, суығын-а тоңды. Заманында талайларды үйқысынан оятқан фельетондары оңай пайда табуға күнәкандарды райынан қайтарды. Қоғамның келенсіз шақтарын ашып қорсетуде алдына жан салмаған газет қызметкері қаншама докейлердің бюрода басы салбырап тұруына сеп болды.- Айқын дәйектер келтіріліп жазылған мақалаларын редакторлар лездем-е сайын мысал етіп, өзге әріптес-теріне үлгі қылды.

Жалпы, фельетон мен сын мақалалар газеттің өткір жанры болып саналады. Шәкірат Дәрмагамбетовтің он жамбасына келетіні де – осынау қос жанр. Бұл – дәлелдеп жатуды қажет етпейтін шындық. Тарқатар болсақ, «Қазаншының еркі бар...», «Өтірік филиал», «Сәтсіз-діктің бәрі бақытсыздық емес», «Ет жеймін деп иегін қышымасын», «Қағазда бар, қорада-а жоқ» сынды фельетондарын қоз қорғендер ұмытпайды. Себебі, ол «біреудің өзі,

біреудің көзі жақсы» деп, жоғарыдағыларға жалтақтамады, ықпалына көнбеді. Тек толғауы тоқсан тіршіліктің күнгейі мен көленкесін ажыратты. Елге қажетті деген тақырыптарға қалам тербеді. Сол еңбектің жемісі шығар, 1979 жылы Қазақстан Республикасының «Мәдениет- қайраткері» атағын иеленіп, «Арал арайы» атты кітабын жарыққа шығарды.

Тоқсаныншы жылдардың басында қарт журналист Шәкірат Дәрмағамбетов құрметті демалысқа шықты. Бірақ, қаламы- зейнеткерлікке шыққан жоқ. Қорғаныс-қорғаушының көп қызығушылығын республикалық, облыстық, аудандық басылымдардың тұрақты авторына айналды. Газет редакторлары ардагер журналистің мақалаларын іздеп тұратын дәрежеге жетті. Мемлекет те марапатсыз қалдырмады. Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасын еңшiledі. «Арал ауданының құрметті азаматы» атағын алып, омырауында түрлі мерекелік медальдар сыйғырлады.

Шаруаның қыр-сырына жетік Шәкірат ақсақалдың Жер-Ана тосінен ырзық-несібе алған кезі де болған. Ардагердің өзі басы-қасында жүріп, Ақбай алқабын игерді. Елдің жайын бірінші кезекке қойған өмірі оған ақсақал 2005 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ауданымызға келгенде, барша аралдықтар атынан шексіз ризашылығын білдіріп, «Көк-арал» бөгеті салынғанын, теңіздің екінші тынысы ашылғанын айтқаны да тағы бар.

Адамзат баласы шыр етіп дүниеге келгенде екі елі мандайға тағдыр жазылады. Міне, Шәкірат Дәрмағамбетов тоқсанның төріне шықты. Мезгілсіз фәниден өткен жұбайы Қанымшамен бірге алтын асықтай ұл-қыз өсірді.

Бүгінгі күні абыз ақсақал жары Маржанқұлмен бірге қозғалыстарына айналған не-мере-шөберелерінің қызығына көнеліп отырған жайы бар. Ұрпақтары да әкелерінің дара жолын ұлгі етіп, биік белестерден көрінуде.

Иә, әдемі қартаю да – екіншісіне бұйыра бермейтін бақыт. Сол бақыт ардақты ақсақалымыздың еңшiсiнде. Топ-қалы жас күтты болсын, Сыр өңірінің ардақ тұтар абызы!

Абай ЕЛЕШ,

Казакстан Журналистер одагынын мүшесі,

Арал қаласы